

АРШАЛЫ АЙНАСЫ



№22 (449)
22 МАМЫР,
ЖҰМА,
2015 ЖЫЛ

АРШАЛЫ АУДАНЫНЫҢ ҚОҒАМДЫҚ-САЯСИ ГАЗЕТІ
2007 жылдың қаңтар айынан бастап шығады

ҚҰРМЕТТІ АРШАЛЫЛЫҚТАР!
Тазалық – денсаулық кепілі. Ауламыз таза, көшеміз таза, ауылымыз таза болса қандай ғанибет. Үлкеніміз, кішіміз бір уақыт айналамыздың тазалығына назар аударып, күнделікті сенбілік ұйымдастыруды әдетке айналдырайық.

ТҮЛЕКТЕРМЕН КЕЗДЕСУ

Аршалы кентінің Жастар Аорталығында аудан әкімі Жомарт Жұмағалиұлы Нұркенов ауданның мектептерінің түлектерімен кездесу өткізді. Еркін әңгіме түрінде қызықты өткізілді бұл шара.

Жомарт Жұмағалиұлы жиналған түлектерге қарап тұрып:

Сіздермен кездескім келіп жүр едім. Түлектер, сіздер үлкен өмірдің баспалдағында тұрсындар. Соңғы қоңырау, ұлттық бірыңғай тестілеу сынағы, мектепті аяқтау кеші, бәрі-бәрі жаңа өмірге қанат қағудың бастауы екендігін білесіңдер. Мектептен кеткен кезде сендер қоғамдағы басқа да үлкен сынаққа тап боласыздар. Оқу орындарына түсіп, жаңа ортаға бейімделу өзгеше жауаптылықты жүктейтіні белгілі. Сендермен қатар мектеп ұжымы да, ата-аналар да уайымдап, ойланады. Алдағы сынақты қалай өткереді екен деп қобалжиды. Сондықтан да осы үлкен өмір баспалдағына шығар жолдарыңда сіздермен ашық әңгімелесіп, көңілдеріңізге түйген мәселелерді талқылауға шақырамын, - деді күлімдей қарап. Ең бастысы жас мамандар ауданымызға өте қажет. Ауданымызға қажетті маман иесі болып өз туған жерлеріңізден еңбек жолдарыңызды бастасаңыздар қуана қарсы аламыз деп жалғайды сөзін. Бұл кездесуге ауданның білікті адамдары, депутаттық корпус өкілдері, мектеп директорлары, колледж директорлары, кәсіпкерлер, мемлекеттік мекеме басшылары және БАҚ өкілдері шақырылды.

«Ижев» ӨК бас директоры, Ақмола облыстық мәслихатының



депутаты, Ақмола облысының, Аршалы ауданының құрметті азаматы, Қазақстан Республикасына еңбегі сіңген ұстаз, Социалистік Еңбек Ері Жанғоразов Ибрагим Дауытұлы өзінің ақыл-кеңесімен бөлісті. Содан кейін Аршалы аудандық мәслихат хатшысы Ю.К.Серигов, №4 АҚК директоры А.А.Карманов, «Сураев» шаруа қожалығының басшысы В.В.Сураев, Қазақстан Республикасының және ССР денсаулық қорғау саласының Үздігі, еңбек ардагері В.М.Биджиев, №3 Аршалы орта мектебінің директоры және басқалары сөздерімен

түлектерге көптеген нұсқау мен бағыт сілтеді. И.Д.Жанғоразов ірі кәсіпорынды 40 жыл бойы басқарып келе жатыр екен. Еңбегі үшін мемлекет тарапынан көптеген мадақтауларға ие. Ол бұл сөздерін мақтану үшін айтпады, бұл еңбек етіп жатқан кезіндегі адал да сапалы ісінің нәтижесі, елінің ризашылығы, мемлекеттің қолдауы деп түсіндірді. Жұмысшы өз жұмысын аяқтаған соң тыныш дем алуға үйіне кетеді, ал басқарушының міндеті ертеңгі күні, одан арғы күні, тіпті бір жылдан соң қалай болмақ деген ой мен жоспардың астында тыным

таппайды. Міне, осы тұста білім де, ізденіс те, нарық заманына қарай қалыптасудағы ептілік те керек деді білгір, майталман маман. Ал мамандық таңдауда адаспаған ғана өмірлік жолын дұрыс жоспарлайтынын барлығы да бір ауыздан мақұлдады. Әсіресе түлектерге қазіргі таңда механизаторлар, агрономдар, инженерлер, токарлар, сантехник, металлург сияқты мамандар қажет деген сөздері ұнады. Сонымен қатар медицина саласының қызметкерлері де керектігі айтылды. Тіпті бұл салаға оқуға түсетін жағдайы төмен от-

басыдан шыққан студенттің грант алуға да мүмкіндігі бары айтылды.

Қызу әңгімемен өрбіген бұл кездесуден түлектер көптеген өздеріне қажетті мағлұматтарды алды. Селодағы «Сураев» шаруа қожалығы өз жерінде көптеген мәселесін шешіп беріп отыр. Қандай жақсы. Егер де әрбір ауылдың тұмасы өз ауылына осындай үлес қосар болса ауыл дамитыны анық. Осы кездесуде аудан әкімі Ж.Ж.Нұркенов В.В.Сураевқа «Қазақстан Республикасы халқы Ассамблеясына 20 жыл» мерейлі медалін табыс етті. Бұл медаль Қазақстан Республикасы Президентінің Жарлығымен берілген еді.

Аршалы кентінің «Солнышка» бала-бақшасының бүлдіршіндері концерт қойып, Астана қаласының «Жас Отан» жастар қанатының төрағасы С. Шакабаев, №48 ОМ психологтары Ж. Азильбаева мен А.Тулендиева баяндама жасап, ҰБТ кезінде психологиялық қиналысқа жол бермей, қашан да сеніммен алға жылжуларына тілек білдірді.

Түлектерге сәттілік, сенім, жақсы нәтижеге жетулеріне сенім артты.

Суретте: Аудан әкімі **Ж.Ж.НҰРКЕНОВТЫҢ** түлектермен кездесу сәтінен үзінді.

Суретке түсірген: **P. САМКОВ**



Ғұбрам

БАЛА МЕН АЛМА АҒАШЫ

Ерте ерте ертеде үлкен алма ағашы болыпты.

Бір кішкентай бала күн сайын сол ағашқа келіп, ойнағанды жақсы көріпті. Ағаштың басына шығып, алмасын жеп, көлеңкесінде ұйықтайтын. Ағашты жақсы көретін, ағаш та онымен ойнағанды ұнататын. Уақыт өте берді. Кішкентай бала өскеннен кейін бұрынғыдай ағаштың қасында ойнамайтын болды.

Бірде бала алма ағаштың қасына келді. Жүзі мұңды еді. Ағаш балаға

«Менімен бірге ойнашы», - деп тіл қатты. Бала «Мен енді бала емеспін. Енді сенің айналаңда ойнамаймын, - деп жауап береді, - ойыншықпен ойнағым келеді. Ойыншық сатып алу үшін маған ақша керек».

«Кешір менің ақшам жоқ. Бірақ алмаларымды сатсаң ақша табасың», - деді ағаш. Бала өте қобалжулы еді. Ол ағаштың

жемісін үзіп алып, қуанышы қойнына симай кете барды. Алма ағашы мұнайып, жабырқаулы күй кешті.

Бала ержетіп, үлкен азамат болғанда ғана келді. Алма оны қуана қарсы алып: «Менімен ойнашы», - деп өтініш жасады. Ал ол болса: «Менің ойнайтын уақытым жоқ. Отбасымды асырау үшін жұмыс істеуім керек. Бізге баспана қажет. Сен маған көмектесе аласың ба?» - деді.

«Кешір менің саған берер үйім жоқ. Бірақ, үй салу үшін бұтақтарымды шауып алсаң болады». Сөйтіп, әлгі азамат ағаштың бұтақтарын шауып алып, төбесі көкке жетіп, кете барды. Ағаш оның қуаныштан бал бұл жайнаған жүзін көріп, паттыққа бөленді. Бірақ, ол көпке дейін келмей қойды. Алма ағашы тағы да жалғыздықтан мұңайып, күрсінуге болды.

Бірде жаздың ыстық күнінде әлгі (егде тартқан) кісі келді.

Оны көрген алма ағашы тағы да көңілденіп: «Менімен ойнашы!» - деп тіл қатты. Әлгі кісі:

«Мен қартайып барамын. Желкенді қайықпен суда жүзіп, дем алғым келеді. Сен маған қайық бере аласың ба?» - деп сұрады. «Қайық жасауға менің дінгегімді ал. Сонда алыс шалғайға жүзіп, бақытыңа қол жеткізесің». Осылайша, әлге кісі қайық жасау үшін ағаштың дінгегін кесіп алды. Ол желкенді қайықпен саяхатқа аттанып, одан көп уақыт бойы оралмады.

Жылдар өтіп, әлгі (қарт) кісі қайта келді. Ағаш: Кешір жаркыным. Менің енді саған берер ештеңем жоқ, тіпті бір алма да жоқ...», - деді.

Сонда қарт: Ештеңе етпейді. Менің енді алма жеуге жарайтын тісім де қалмады», - деп жауап қатты. «Енді сен шығып отыратын дінгегім де жоқ», - деді ағаш.

«Мен енді қартайдым, дінгекке міне алмаймын», - деді қарт. Сонда

ағаш көз жасын көл қылып: «Мен шыны мен де саған ештеңе бере алмаймын... шіріп бара жатқан тамырымнан басқа ештеңем де қалмады», - деді.

Қарт кісі оған «Маған қазір көп нәрсе керек емес. Тек тынығып, бой жазатын қолайлы жер ғана қажет. Қаншама жылдардан бері әбден титықтадым», - деп жауап береді. «Жақсы! Ағаштың ескі томары демалуға өте ыңғайлы. Отыр. Жаныма тізе бүгіп, тынығып ал». Қарт емін еркін жайғасқанда, ағаштың қуанышынан көз жасы жерге тамып, күлімсірей берді...

Бұл хикаяның баршамамызға қатысы бар. Ағаш біздің ата-анамыздың бейнесін береді. Біз кішкентай кезімізде әкемізбен анамызға еркелеп ойнағанды жақсы көретінбіз.

Есейіп, ержеткенде біз оларды тастап кетеміз... Ата-анамызға олардан бірденке керек болғанда ғана, яғни басымызға іс түскенде ғана келеміз.

Қандай жағдай болмасын, ата-ана перзентін әрдайым күтеді және ол үшін қолдарынан келгенінің бәрін де жасауға тырысады.

Бәлкім, сіз «Бұл бала ағашқа қатігездік танытты» деген ойда қалған шығарсыз. Бірақ бұл хикая біздің баршамамыздың әке-шешемізге деген қарым-қатынасымыздың ап-айқын көрінісі емес пе? Біз оларға «Осылай болуы тиіс» деп қана қараймыз да ата-ананың бізге жасап жатқан жақсылықтарын бағалай алмаймыз. Алла Тағала біздің осындай өзімізшіл пенделіктерімізді кешіріп баршамамызды тура жолға бастағай инша Алла!

Раббың өзіне ғана құлшылық етуге, әке-шешеге жақсылық жасауға әмір етті. Ал егер ол екеуінің бірі немесе екеуі де жандарында кәрілікке жетсе: «Тұы» деме (кейіс білдірме). Сондай-ақ ол екеуіне зекіме, тек сыйайы сөз сөйле. Ол екеуіне кішірейіп мәрхамет құшағын жай да: «Раббым! Ол екеуі мені кішкентайымда тәрбиелегеніндей Сен де оларды рақымыңа бөлей гор!»,- де.



ЖЫР ҚАНАТЫНДА

Қарағанды қаласында тұратын жерлесім әрі қатар істескен досым, беделді азамат Өтегенов Төлепберген Нұрышұлы сонау Қызылқұмдағы Үшқұдық ауылында шопан отбасында дүниеге келді. Мектепті, Ташкент политехникалық институтын үздік бағалармен бітіріп, құрылысшы – инженер мамандығын алды. Аудандағы құрылыс мекемесінің инженерінен бастап оның басшысына дейін көтерілді. Ауданаралық ірі «Тамдықұрылыс» АҚ директоры болды. Тамды, Үшқұдық, Канмех аудандарында бой көтерген көптеген әлеуметтік нысандарда оның өшпес қолтаңбасы бар. Төлепберген ата жұртқа оралғаннан бері Қарағанды қаласындағы «Аспап» өндірістік кооперативінде атқарушы директор болып істеп келеді.

Төлепберген Өтегенов көпшілікке ақындығымен де танымал болған азамат. Алғашқы жырлары 2001 жылы «Жыршашу» атты альманахта жарық көрді. «Тамдықұлақ» атты ақынның жеке жинағы 2002 жылы басылып шықты. Тари-

Табанымда Тамдының табы қалған...

Құмдарында көп қуып сағым арман,
Табанымда Тамдының табы қалған.
Сарыарқадан сәлем зып

жыыр жазамын,
Туған жерді өлердей сағынғаннан.
Жалаң аяқ жүргірген күндер қайда,
Жұлдыз санап көз

ілген түндер қайда?!

«Көктөбедей» төбе

жсоқ қиялдайтын,
Шығып алып көз салып бар маңайға.

«Ақтақырдай» тақыр

жсоқ маңайымда,
Таңсық енді ыстығың, алауың да.

Қалмай қуып келгендей

жынды жселін,

Кейде апталап соғатын дауылдың да.

Бұрқыраған жусан мен сіңіргенін,
Таза ауанды тойғанша сіміргенім.

Естен кетпес ешқашан, өлгенімше,
Туған жерде өткізген күнім менің!

Табанымда Тамдының табы қалған,
Жетелеген жыраққа асыл арман.

Аунап құнап кетуге келгенімде,
Баурыңды аш, балаңды тосып алдан!

2012 ж, ақпан.

хи отанына оралған соң 2012 жылы ақынның «Табанымда Тамдының табы қалған» атты үшінші еңбегі қалың оқырман қауымға ұсынылды.

Құрылыс саласындағы ерен еңбегі және үздік жетістіктері үшін Төлепберген Өтегенов 2013 жылы «Қазақстанның құрметті құрылысшысы» деген

ҚАРҚАРАЛЫ

Таласып өскен қайың, аришалары,
Алыста мұнартып тұр Қарқаралы.
Қазақтың маңдайына дара біткен,
Жазира жер жсаннаты Арқадағы.
Көрдім де көзім тойды қуаныштан,
Кеудемде сезім бар ды алып ұшқан.
Қасына жеткенімше асызулы ем,
Аруды аңсағандай Мәди құшқан.
Бийің көз ұшында бұлдыраған,
Бұлттан аса

алмай тұр тұнжыраған.

Сұлудың бұрымындай

тарам тарам,

Қоршаған тал терегің

мың бұрланған.

Көрмедім маңғаз

басқан маралыңды,

Жамылған ақ көрпесін дала мұңды.

Телміріп тас мүсінге қарай бердім,

Тойдырып тау көркіне жанарымды.

2011 ж, наурыз.

атаққа ие болды. Қоғамдық жұмыстардағы белсенділігі үшін бірнеше рет Қарағанды облыстық «Нұр Отан» Халық демократиялық партиясы филиалының Құрмет грамоталарымен наградталған. Төлепбергенге шығармашылық табыстар тілей отырып, оның екі өлеңін «Аршалы айнасы» газетінің жыр сүйер қауымына ұсынуды жөн көрдім

Б. ЛАТИПОВ.

Аршалы кенті.

Адам және қоғам

«АЙҚЫН» ЖОБАСЫНЫҢ ЖҮЗЕГЕ АСЫРЫЛУ ЖОЛДАРЫ

Халықтың өтініштерін қабылдау – бұл биліктің халықпен өзара мүдирместен әрекет ету нысанының бірі болып табылады.

Себебі, мемлекеттік және жергілікті өзін-өзі басқару органдарының сол өтініштерге мезгілінде, дұрыс жауап беру нәтижелері бойынша, жалпы түрде мемлекеттік тетігінің сапасы бағаланады және әр адамның билікке деген сенімі сыналады да артады.

Осы «Айқын» бағдарламасы аясында, халықтың ашылмаған көптеген мәселелері жарық көреді.

Сондықтан, Аршалы ауданының азаматтары кез келген жағдайда, өздерінің туындаған немесе басқа да сұрақтар бойынша болған жағдайда мемлекеттік органдарға

барып, арыз және өтініштерін бере алады.

Оларға, берген өтініштерінің нәтижесін немесе шешімін тексеру үшін, арнайы талондар беріледі.

Мемлекеттік органдарға өтінішті өзіңіз берген жағдайда, Сіз бірегей 18 таңбалы нөмірі бар талонды аласыз.

Талонның бірегей нөмірін пайдалана отырып өтініштің қаралу барысы және нәтижелері туралы ақпаратты төмендегідей тәсілдермен:

- 8 800-080-7777 (стационарлық), 1414 (ұялы) нөмірлеріне қоңырау шалып;

- 1012-ге талон нөмірімен SMS – хабарлама жіберіп (барлық байланыс операторларына 15 теңге);

- Қазақстан Республикасы Бас прокуратурасының Құқықтық статистика және арнайы есепке

алу жөніндегі комитетінің <http://service.pravstat.kz> сайтына кіріп, «Мемлекеттік органдарға өтініш» бөлімін таңдап, талон нөмірін теріп алуға болады.

Есте сақтау керек! Өтінішті қабылдаған кеңсе қызметкері Сізге өз қолымен куәландырылған бірегей нөмірі бар талон беруге міндетті! Осы тәртіп бұзылған жағдайда 115 нөмірі арқылы ҚР Бас прокуратурасының Call - орталығына хабарласа аласыз!

ҚР БП ҚСЖАЕАЖК
Ақмола облысы бойынша
басқармасының
Аршалы ауданындағы
құқықтық
статистиканы қалыптастыру
саласындағы
зандылықты қадағалау бойынша
прокуроры
Б. ҚУАНЫШПАЕВ.

Адам және заң

ХАЛЫҚПЕН КЕЗДЕСУ

Аудан тұрғындарымен кездесу өткізу жоспарына сәйкес, Аршалы АПБ бастығы полиция полковнигі Ермек Сағидоллаұлы Әшімов ағымдағы жылдың сәуір айында Михайлов с/о тұрғындарымен кездесу өткізді. Кездесу барысында жемқорлықпен ымырасыз күрестің қажеттілігін, барлық мемлекеттік органдардың қызметінің ашықтығын және айқындығын ерекше атап өтіп, жеке мәселелер бойынша азаматтарды қабылдау жүзеге асырылды. Азаматтарды қабылдау, аудан және жақын жатқан кенттердің халқымен кездесу өткізу сияқты нысанындағы

жұмыс АПБ бұрыннан қолданылып келеді және халықпен құқықтық тәртіп сақшыларының арасындағы тосқауылды барынша қысқартуды талап етеді.

Сәуір айында Аршалы АПБ жетекшісімен кездесуге 25 адам қатысты.

Азаматтардың үндеулері әр түрлі тақырыпқа байланысты болды, соның ішінде ішкі істер органдарына жұмысқа тұру, газ қаруын алу кезіндегі талаптар, сонымен бірге азаматтарды ұстау кезіндегі ішкі істер органдарының құзыреті туралы.

АПБ басшылығымен азаматтардың барлық үндеулері мен ұсыныстары тыңдалды, Аршалы ауданының аумағындағы және жалпы Ақмола облысы бойынша қылмыстылық жағдайы туралы, сонымен қатар аудандағы криминалендік жағдайды жақсарту бойынша қабылданып жатқан шаралар туралы ақпарат назарларына жеткізілді.

Одан басқа, полицияның құзыретіне кірмейтін, мәселелер бойынша жүгінген азаматтар білікті заңдық кеңес алды.

Аршалы АПБ
Штаб және МТЖАТ.

Азаматтар назарына

Көк шығып, мал табынға қосылып, жайылымға шығарылатын уақытта мал ұрлығы да белең алады. Құрметті аршалылықтар! Құрметті мал ұстаушы шаруа қожалықтары. Қашан да жоғалған малды іздегеннен гөрі сақтықтың орны ерекше екендігін білесіздер. Сондықтан да малдарыңызға арнайы таңба бастыруды, ен салғызуды, нөмерлеуді, төлқұжат алуды ұмытпағандарыңыз жөн.



Сонымен қатар қазіргі таңда жаңа нұсқау чип салу жүзеге асырылууда. Чип салынған малды табу өте оңайға соғады. Сондықтан да малмен айналысатын барлық адамдарға ескертеміз, қашан да малдың басы аман болуы үшін сақтық шарасын дер кезінде жасауларыңыз керек.

Қ.ҚҰТЫМОВ,

полиция майоры

Аршалы ішкі істер бөлімі
бастығының орынбасары.

Спорт

САЛАУАТТЫ ӨМІР САЛТЫ

Орталық алаңда Наурыз мейрамына орай спорттық шаралар өтті атап айтар болсақ ұлттық спорттымыз қазақ күресінен арқан тартыстан Қазақ күресінен оқушылар арасында өткен Түйе балуанда.



Айтмағамбетұлы Түйе балуанға бір қойға демеуші тауып беруге мұрындық болды. Аудандық орталық мешіті де жарыстардың жүлдесіне демеушілік жасады. Осы азаматтарға алғысымызды білдіреміз.

1 орын Букеев Нуржан; 2 орын Қадылбек Қайрат; 3 орын Милахат Сатсапар.

Ересектер арасында түйе балуанда: 1 орын Алтынбаев Бекзат; 2 орын Бижанов Нурсултан; 3 орын Букеев Нуржан.

Арқан тартыстан: 1 орын №6636 әскери бөлімінің №6 рота Солдаттары; 2 орын №6636 әскери бөлімінің №6 ротаның қызметкерлері; 3 орын №3 Аршалы орта мектебі.

Ауылшаруа-шылық бөлімінің басшысы Шедербеков Қайрат



Аршалы ауданының дене шынықтыру және спорт бөлімінің басшысының м.а. К.КНЯЗОВ.

Мазмұнды кеш

ЖЕҢІС КҮНІ «МЕРЕКЕ КӨЗГЕ ЖАС ТОЛҒАН...» СОҒЫС АҚЫРЫНДАП ӨТКЕН КҮНДЕР ЕНШІСІНДЕ.....



Аршалы кентінің Жастар орталығындағы Орталық аудандық кітапханасында әскери жылдардың әндеріне арналған шара ұйымдастырылып, өткізілді. Соғыс және ән: оларға ортақ не болуы мүмкін? Соғыс жылдарындағы зардап пен ауырлық ешқандай да әнге орын қалдырмаған сияқты. Дегенмен, соғыстың алғашқы жылдарынан бастап жеңіске

дейін ән жандарында болды. Бұл бағдарламаның шарасында «Берегиня» вокалды клубының мүшелерінің орындауында, №1, №2 АОМ және №2 АОМ «Жас Ұлан» әскери-патриоттық клубының орындауында әскери әндер ерекше шырқалды. Бұл маңызды шараға қадірлі қонақ ретінде Ұлы Отан соғысының ардагері Иван Антонович Купин шақырылған еді.

Кітап - білім бұлағы

ЕРЛІК-ЕЛГЕ МҰРА, ҰРПАҚҚА ҰРАН

Ұлы Жеңістің 70- жылдығына арналған Орталық орта мектебінде кітапханашы Кошқумбекова Н.А. «Әлия – ғасыр аруы» атты тәрбие сағатын өткізді

Сабактың мақсаты: Батыр апамыз Әлия Молдағұлованың өмір жолынан ерлік істерінен мәлімет беру. Халқымыздың ерлік дәстүрлеріне, отан сүйгіштікке, адамгершілікке деген сезімдерін тәрбиелеу.

Кітапханашы Кошқумбекова Н.А. Әлияның балалық шағынан бастап, оның ерлікпен қаза болуына дейін мәлімет берді.

Гитлершілер бүкіл елімізді жойып миллиондаған адамдарымызды құртуды, құлға айналдыруды көздеді. Бірақ сүйікті отанды қорғауға бүкіл ел демей, кіші демей қолдарына қару алып, теңдесі жоқ ерлік жасады. Ер адамдармен бірге қыздар да соғысқа аттанды, солардың ішінде Ә. Молдағұлова апамыз бар. Әлия аққан жұлдыздай жарқ етті де

жоқ болды. Батырдың ғұмыры қысқа, данқы ұзақ деген сөз бар. Қамшының сабындай қысқа ғұмырында ел сүйсінерлік ерлік жасап, артына аңыз қалдырды.

Интерактивті тактадан Ұлы Отан соғысында ерекше қаһармандық танытқан батырлар туралы бейнематериалдар көрсетілді.

Оқушылар Я. Хмелевскийдің және басқа жазушылардың Әлияға арналған өлеңдерін оқыды.

Тәуелсіздік туын көтеріп күллі әлеммен замана көшіне ілескен еліміздің ертені үшін Әлияның ерлігі ұрпаққа үлгі болып қала береді. Оның аңыз өмірі жалғаса береді. Әлия жыр! Әлияның бейнесі сөнбейді! Әлияны ардақтау-ісі қазақты ардақтау. Әлия намысы-тәуелсіздік тұғыры.

Н. АХАНОВА.

■ **Қазақстан – сенің азаматың!**

Өмірден өтіп кетсен де, Есімің елдің есінде

Жақыпов Серік Жәлменұлының жарқын бейнесі, көңілді қалжыңы, нақты шешім қабылдайтын батылдығы жерлестерінің есінде мәңгі қалары хақ. 1949 жылы 11 тамызда (құжат бойынша) Целиноград облысы Вишневка ауданының Кенетай селосында дүниеге келген Серік Әлменұлы 1972 жылдан 2001 жылға дейінгі қызметтік өмір жолын ҚР ішкі істер саласына арнады. 1985 жылы Қарағанды жоғарғы милиция мектебін аяқтаған.

1975 -1980 жылдар арасында Целиноград облысы Вишневка ауданында ИВС инспекторы қызметімен бастаған ол, 1975-1980 жылдарда Вишневка ауданының ішкі істер бөлімінің учаскелік инспекторы қызметін атқарған. 1980-1990 жылдары аға учаскелік инспекторлыққа жоғарылаған. 1990-1995 жыл-

дары Вишневка ауданының ІІБ ООБ бастығы қызметіне тағайындалады. 1995-2001 жылдар аралығында Целиноград облысы Вишневка ауданы АІІБ қызмет бойынша орынбасары лауазымын атқарған. 2001 жылдың ақпан айында құрметті зейнеткерлікке шыққан. Байқап отырғанымыздай үзіліссіз өз ісіне барлық ыждаһатымен кіріскен Серік Әлменұлының еңбек жолы әрбір осы саладағы азаматқа үлгі. Зейнеткерлікке шықса да қарап отыруды жанына баламаған ол аудандық ардагерлер кеңесінің мазасыз жұмысымен айналысып, соңғы демі қалғанша осы салада соғыс және еңбек ардагерлерінің жағдайына алаңдап, қолдау жасалуына бақылау жасап отырды. Қызмет еткен уақытында 63 сый марапатқа ие болғандығының өзі Жақыпов Серіктің еңбегінің



болғандығының айғағы. «За безупречную службу III степени», «Сорок лет Победы в Великой Отечественной войне 1941-1945 гг.», «70 лет Вооруженных Сил СССР», «Ветеран милиции», «20

лет Казахстанской полиции», «Құрметті ардагер» медалдарымен марапатталған. «Қазақстан Республикасы Мәслихатына 20 жыл» мерейлі медалімен, «Отличник милиции», «II дәрежелі Қайсар», «III дәрежелі Еңбек Даңқы» төс белгілері берілген.

2012 жылы «ҚР ІІМ құрметті ардагер», ал 2013 жылы «Аршалы ауданының құрметті азаматы» атағы берілген. Аршалы ауданының тұрғындарының сенімі мен тілегін аркалап екі рет қатарынан аудандық мәслихат депутаттығына сайланған. Аршалы халқы үшін осындай асыл азаматтың орны ерекше еді. 2015 жылдың 13 мамырында Серік Әлменұлы Жақыповты мәңгілік сапарға шығарып салуға келген жандар өте көп болды. Қаншама жанға жасқалық жасап, қаншама жас мамандарға тәлімгерлік

жұмыстарын жүргізіп, ішкі істер қызметіндегі қиыншылығы да жауаптылығы мол іске баулыған полиция подполковнигі Серік Әлменұлының орны ойсырап қалғаны анық. Аудан әкімі Ж.Ж.Нұркенов, орынбасарлары Ә.Т.Ыбраев, А.Е.Мысырәлімова және аудандық мәслихат хатшысы Ю.К.Сериков, сонымен қатар соңғы жылдары жиі кездесіп, жұмыс атқарған ардагерлер кеңесінің мүшелері Г.С.Беляев, А.В.Сонгин, В.И.Захарова, Б.П.Омельничий, К.К.Ахатова, Л.С.Панкратова, Л.Г.Франкевич, Л.Г.Пушкарёва Жақыпов Серік Әлменұлының жарқын жүзі, қайсарлығы мен шыдамдылығы, үлкенге жасаған құрметі мен кішіге көрсеткен үлгілі істері ешқашан да ұмытылмай, елінің есінде мәңгі қаларын, ешқашан да ұмытылмайтынын айтып, еске алуға.



ЕШКІМ ДЕ ЕШҚАШАН ДА ҰМЫТЫЛМАЙДЫ

Жылдар өткен сайын Ұлы Отан соғысының оқиғасы көмескілене бастады, сол бір сұраныл соғысқа қатысқан жандардың қатары да сиреді. Алайда қаза болғандардың да қазіргі кезде аразында жүргендерінің де ерліктері мен қайсарлыққа толы істері ешқашан да ұмытылмайды. Қазақстаннан қаншама адамдар сол соғыстың қанды майданын кешіп өткені тарих парақтарынан белгілі.

Биылғы жылы көптеген елдерде Жеңістің 70 жылдығы мере-келенуде. Ардагерлер жылы деп арнайы атау да берілді. Соғыстың оты мен жалыны шарпымаған бірде-бір отбасы болмағаны анық. Қазақстаннан алдығы шепке 1,2 млн. адам жұмылдырған екен. Солардың жарты миллионға жуығы майдан алаңынан қайтпады. Соғыс жылдары республика аумағында 50-ден астам әскери бөлім мен 25 құрылымдар жасақталған болатын.

Менің қолыма қалам алған себебім, атам Көселбаев Дүйсембек Көселбайұлы туралы естігенімді қағаз бетіне түсіруді парыз санадым. Атам қазір біздің жанымызда жоқ, 56 жасында дүние салды. Мен атамды көрмедім, алайда атам туралы көп естеліктерді тыңдап, ойыма жинақтап өстім. 1918 жылы 9 мамырда Целиноград облысы Вишневка ауданы Ералы селосында (қазіргі таңда Қарағанды облысы Осакаровка ауданы) туылған атам, жеті жылдық мектепте білім алып, кейін колхозда еңбек жолын бастаған. Шөп шабу, шөп жинау, астық егу, ору жұмыстарын атқарған. 1939 жылы 21 жасқа толған кезде Вишневка әскери комиссариатынан Қызыл Әскер қатарына шақырылған. 1939 жылы 22 қыркүйекте ант қабылдаған атам 245 атқыштар полкіне жіберілген, бұл полк соғыс уақытында Финляндияға қарсы соғысқан. Д.Көселбаев сержанттық шенде 1941-1942 жылдары фин майданында пулеметші, бөлімше командирі болған екен. Соғыс жолдары өте ауыр болды, ну орман, аяз, қалың қар, бәрі-бәрі де жылжуға қиындық туғызды, шабуылдау да қиын болды деп айтып отырады екен атам. Алайда жеңіліс дегенді білмейтін біздің солдаттарды ешқандай да кедергі тоқтата алмады. Рота ақырындап сан жағынан азая берді, окқа ұшқан жауынгерлер көз алдымызда мәңгілік бұл дүниеден қоштасып жатты. Ауыр күндер еді. Неміс шапқыншылығының оқыстан болғаны соншалықты біздің әскер ес жиып та үлгермеген еді ғой. Неміс әскері Ленинград пен Кронштадты алуға баса-көктеп еніп келе жатты. Сол 1941 жылы біздің 245 –ші полк Ленин орденді 123 дивизияның 114 атқыштар полкі болып ауыстырылып, Ленинградтық майданға жіберілді, - деген естелік әңгімелері атамның маған да жетті.

123-ші дивизия орманды-батпақты жерлермен жүріп, темірбетондық құрылғылармен жабдықталған 90 километрлік қорғаныстан өткен екен. 114-ші атқыштар полкі бір жылдай Ленинградтың солтүстік жағын қорғаған екен. Сол кездердегі жауынгерлердің қайсарлығы мен шыдамдылығы, отанға деген сүйіспеншілігі ғана жауға тойтарыс беруде күш пен шыдамдылықты бойларына жинақтап жатты ғой. Немістер жағының қарулары да мықты еді. Күн демей түн демей ұрыс жүріп жатты. Ауыр танктер Ленинградқа қарай төтеп беріп жатты. Самолеттер көкпен бомба тастап, «Өмір жолы» аталынған сокпақты қалт жібермей аңдыды. Әрбір сәт өлім мен өмір арасындағы сәт екендігін сезген сайын жаныңды шүбереке түйіп жауды жастандырып, санын азай-



Көселбаев Дүйсембек
Көселбайұлы

туды, шепті бұзғызбауды ойлады. Атам Оразбек деген үлкен ұлына бірде мынандай оқиғаны айтқан екен.

Өліп қаламын-ау деген үрей болды. Қарша бораған оқ. Жарылып жатқан бомба, снаряд. Жаудың қаруы көп. Ал бізде барын сақтап, абайлап атуымыз керек. Қару-жарақ тапшы. Көмек келіп үлгерме ме үлгермей ме белгісіз. Сондықтан да әрбір оғымызды көздің қарашығындай сақтап, нысанаға дәлдеп қана ататын болдық. Соның өзінде қоршауды ұстап тұрдық, - деген екен. Қандай ерлік десеніңіші.

1942 жылы көктемде атам контузия алып, госпитальға түсіпті. 1943 жылы майдан шебіне жібермей үйге қайтарған екен.

Ауылға келе сала ауылшаруашылық бөлімінде еңбек еткен, Вишневка май зауытын-

да директор қызметінде болған, Вишневка РК КПК нұсқаушысы, Михайлов совхозарбкоопында төраға, Михайлов совхозының мұнай базасының меңгерушісі қызметтерін атқарған.

1963 жылы халық шаруашылығының дамуына көп үлес қосқан. Атамның өмірінің өзі бір оқиға желісіне арқау. Апамыз небәрі 45 жасында қайтыс болыпты. 10 баламен атам қалған екен. Ең кенжесі Қымбат бір жаста ғана, үлкендері мектеп оқушылары болыпты. Айтжан апамның орнын жоқтатпай барлығына да тәрбие беріп, адал болып өсулеріне ықпал етіпті. Апамыз қайтқан соң екі жылдан соң атамыз да кетіпті. Әкем Жанат Дүйсембекұлы атам туралы айтқанда жүрек түбіндегі әкеге деген сағынышын жасыра алмай көзіне ылғи жас толатын. Әке мен ананың орны бала үшін қашан да ерекше емес пе! 40 жыл өтсе де әкесі мен анасына деген әкемнің сағынышы артпаса өшкен емес.

Атам Дүйсембек Көселбаев «За отвагу», «За Победу над Германией», «20 лет Победы в Великой Отечественной войне 1941-1945 гг.», «50 лет Вооруженных Сил СССР», «За трудовую доблесть», «За освоение целинных и залежных земель», «Участник ВДХВ» медалімен марапатталған екен. Михайлов селолық Кеңесінің депутаты болып сайланған.

Тағы бір қызық оқиға. Мына бір сурет 1940 жылы 27 сәуірде түсірілген екен. 10 жас солдат, олардың арасында менің атам Дүйсембек, ал оның артында менің жолдасымның атасы – Түгелбаев Қапыш. Бұл суретті менің үлкен ағамның әйелі Айгүл Бейсекееваның атасының жинақтаған суреттерінің арасынан таптық. Қызық, жылдар өткенде бейбіт өмірде мына екі жас солдаттың немерелері отбасын құрып, жақын-туыстарға айналатынын кім білген.

Біз, Көселбаев отбасының балалары мен немерелеріміз. Атамыздың майдандағы да бейбіт өмірдегі де өнегеге толы сокпақтарын ойға саралап, мақтан тұтамыз. Сонау сұрапыл соғыста біздің бейбіт өміріміз үшін жан берген әрбір жауынгерге мың тағзым. Олардың есімі ешқашан да ұмытылмайды.

Д.КӨСЕЛБАЕВА
Қазақстан журналистері
Бірлестігінің мүшесі,
ардагердің немересі.





Ақмола облыстық «Қазақстан» РТРК» АҚ филиалының 2015 ж. 25 – 31 мамырға дейінгі бағдарламасы «Қазақстан-Көкшетау»

25 мамыр, Дүйсенбі
09.00 Қазақстан Республикасының Мемлекеттік Әнұраны
9.05 «Өңір өрнегі-Картина недели»
10.00 «Телемаркет»
10.05 «Актуальная тема». Передача
10.35 «Елі бірдің – тілі бір». Хабар
10.45 «Телемаркет»
10.50 «Кендерек». Кеңейтілген репортаж
11.00 «Өңір өрнегі-Картина недели»
11.55 «Елі бірдің – тілі бір». Хабар
12.05 «Телемаркет»
12.10 «Актуальная тема». Передача
12.40 «Ел межесі-2050». Тележурнал
12.45 «Кендерек». Кеңейтілген репортаж
12.55 «Елі бірдің – тілі бір». Хабар
13.05 «Телемаркет»
13.10 «Пәрменді пікір»
13.15 «Ел межесі-2050». Тележурнал
13.20 «Кендерек». Кеңейтілген репортаж
13.30 «Аймақ ақпарат»
14.00-17.50 профилактикалық жұмыс
17.50 «Пәрменді пікір»
17.55 «Ел межесі». Хабар
18.00 «Аймақ ақпарат»
18.30 «Телемаркет»
18.35 «Әзекті әңгіме». Тікелей эфир
19.05 «Телемаркет»
19.10 «Кендерек». Кеңейтілген репортаж
19.20 «Салауат». Передача
19.30 «Әзекті әңгіме». Хабар
20.00 «Аймақ ақпарат»
20.30 «Телемаркет»
20.35 «Кендерек». Кеңейтілген репортаж
20.45 «Салауат». Передача
20.55 «Ел межесі». Хабар
21.00 «Аймақ ақпарат»
21.40 «Телемаркет»
21.45 «Әзекті әңгіме». Хабар
22.15 «Телемаркет»
22.20 Т/с «Болашақ». 20 серия
23.05 «Ел межесі». Хабар
23.10 «Телемаркет»
23.15 Д/ф «Магия природы» 4 серия
23.35 «Телемаркет»
23.40 «Сіз қайда жүрсіз?». Хабар
00.00 «Аймақ ақпарат»
00.40 «Телемаркет»
00.45 Т/с «Титаник: Кровь и сталь». 1 серия
01.50 Қазақстан Республикасының Мемлекеттік Әнұраны

26 мамыр, Сейсенбі
09.00 Қазақстан Республикасының Мемлекеттік Әнұраны
9.05 «Аймақ ақпарат»
9.45 «Ел межесі-2050». Тележурнал
9.50 «Кендерек». Кеңейтілген репортаж
10.00 «Телемаркет»
10.05 «Әзекті әңгіме». Хабар
10.35 «Салауат». Передача
10.45 «Телемаркет»
10.50 «Кендерек». Кеңейтілген репортаж
11.00 «Аймақ ақпарат»
11.40 «Экспертное мнение»
11.45 «Кендерек». Кеңейтілген репортаж
11.55 «Салауат». Передача
12.05 «Телемаркет»
12.10 «Әзекті әңгіме». Хабар
12.40 «Ел межесі-2050». Тележурнал
12.45 «Кендерек». Кеңейтілген репортаж
12.55 «Салауат». Передача
13.05 «Телемаркет»
13.10 «Экспертное мнение»
13.15 «Ел межесі-2050». Тележурнал
13.20 «Кендерек». Кеңейтілген репортаж
13.30 «Аймақ ақпарат»
14.00-17.50 техникалық үзіліс
17.50 «Пәрменді пікір»
17.55 «Ел межесі». Хабар
18.00 «Аймақ ақпарат»
18.30 «Телемаркет»
18.35 «Актуальная тема». Прямой эфир
19.05 «Телемаркет»
19.10 «Кендерек». Кеңейтілген репортаж
19.20 «Қызмет жолында». Хабар
19.30 «Актуальная тема». Передача
20.00 «Аймақ ақпарат»
20.30 «Телемаркет»
20.35 «Кендерек». Кеңейтілген репортаж
20.45 «Қызмет жолында». Хабар
20.55 «Ел межесі». Хабар
21.00 «Аймақ ақпарат»
21.40 «Телемаркет»
21.45 «Актуальная тема». Передача
22.15 «Телемаркет»
22.20 Т/с «Болашақ». 21 серия
23.05 «Ел межесі». Хабар
23.10 «Телемаркет»
23.15 Д/ф «Магия природы» 5 серия
23.35 «Телемаркет»
23.40 «Сіз қайда жүрсіз?». Хабар
00.00 «Аймақ ақпарат»
00.40 «Телемаркет»
00.45 Т/с «Титаник: Кровь и сталь». 2 серия

27 мамыр, Сәрсенбі
09.00 Қазақстан Республикасының Мемлекеттік Әнұраны
9.05 «Аймақ ақпарат»
9.45 «Ел межесі-2050». Тележурнал
9.50 «Кендерек». Кеңейтілген репортаж
10.00 «Телемаркет»
10.05 «Актуальная тема». Передача
10.35 «Қызмет жолында». Хабар
10.45 «Телемаркет»
10.50 «Кендерек». Кеңейтілген репортаж
11.00 «Аймақ ақпарат»
11.40 «Экспертное мнение»

11.45 «Кендерек». Кеңейтілген репортаж
11.55 «Қызмет жолында». Хабар
12.05 «Телемаркет»
12.10 «Актуальная тема». Передача
12.40 «Ел межесі-2050». Тележурнал
12.45 «Кендерек». Кеңейтілген репортаж
12.55 «Қызмет жолында». Хабар
13.05 «Телемаркет»
13.10 «Экспертное мнение»
13.15 «Ел межесі-2050». Тележурнал
13.20 «Кендерек». Кеңейтілген репортаж
13.30 «Аймақ ақпарат»
14.00-17.50 техникалық үзіліс
17.50 «Пәрменді пікір»
17.55 «Ел межесі». Хабар
18.00 «Аймақ ақпарат»
18.30 «Телемаркет»
18.35 «Имею право». Прямой эфир
19.05 «Телемаркет»
19.10 «Кендерек». Кеңейтілген репортаж
19.20 «Бизнес идея». Передача
19.30 «Имею право». Передача
20.00 «Аймақ ақпарат»
20.30 «Телемаркет»
20.35 «Кендерек». Кеңейтілген репортаж
20.45 «Бизнес идея». Передача
20.55 «Ел межесі». Хабар
21.00 «Аймақ ақпарат»
21.40 «Телемаркет»
21.45 «Имею право». Передача
22.15 «Телемаркет»
22.20 Т/с «Болашақ». 22 серия
23.05 «Ел межесі». Хабар
23.10 «Телемаркет»
23.15 Д/ф «Магия природы» 6 серия
23.45 «Телемаркет»
23.50 «Сіз қайда жүрсіз?». Хабар
00.00 «Аймақ ақпарат»
00.40 «Телемаркет»
00.45 Т/с «Титаник: Кровь и сталь». 3 серия
01.50 Қазақстан Республикасының Мемлекеттік Әнұраны

28 мамыр, Бейсенбі
09.00 Қазақстан Республикасының Мемлекеттік Әнұраны
9.05 «Аймақ ақпарат»
9.45 «Ел межесі-2050». Тележурнал
9.50 «Кендерек». Кеңейтілген репортаж
10.00 «Телемаркет»
10.05 «Имею право». Передача
10.35 «Бизнес идея». Передача
10.45 «Телемаркет»
10.50 «Кендерек». Кеңейтілген репортаж
11.00 «Аймақ ақпарат»
11.40 «Экспертное мнение»
11.45 «Кендерек». Кеңейтілген репортаж
11.55 «Бизнес идея». Передача
12.05 «Телемаркет»
12.10 «Имею право». Передача
12.40 «Ел межесі-2050». Тележурнал
12.45 «Кендерек». Кеңейтілген репортаж
12.55 «Бизнес идея». Передача
13.05 «Телемаркет»
13.10 «Экспертное мнение»
13.15 «Ел межесі-2050». Тележурнал
13.20 «Кендерек». Кеңейтілген репортаж
13.30 «Аймақ ақпарат»
14.00-17.50 техникалық үзіліс
17.50 «Пәрменді пікір»
17.55 «Ел межесі». Хабар
18.00 «Аймақ ақпарат»
18.30 «Телемаркет»
18.35 «Әзекті әңгіме». Тікелей эфир
19.05 «Телемаркет»
19.10 «Кендерек». Кеңейтілген репортаж
19.20 «Ақмола КЗ». Передача
19.30 «Әзекті әңгіме». Хабар
20.00 «Аймақ ақпарат»
20.30 «Телемаркет»
20.35 «Кендерек». Кеңейтілген репортаж
20.45 «Ақмола КЗ». Передача
20.55 «Ел межесі». Хабар
21.00 «Аймақ ақпарат»
21.40 «Телемаркет»
21.45 «Әзекті әңгіме». Хабар
22.15 «Телемаркет»
22.20 Т/с «Болашақ». 23 серия
23.05 «Ел межесі». Хабар
23.10 «Телемаркет»
23.15 Д/ф «Магия природы» 7 серия
23.45 «Телемаркет»
23.50 «Сіз қайда жүрсіз?». Хабар
00.00 «Аймақ ақпарат»
00.40 «Телемаркет»
00.45 Т/с «Титаник: Кровь и сталь». 4 серия

29 мамыр, Жұма
09.00 Қазақстан Республикасының Мемлекеттік Әнұраны
9.05 «Аймақ ақпарат»
9.45 «Ел межесі-2050». Тележурнал
9.50 «Кендерек». Кеңейтілген репортаж
10.00 «Телемаркет»
10.05 «Әзекті әңгіме». Хабар
10.35 «Ақмола КЗ». Передача
10.45 «Телемаркет»
10.50 «Кендерек». Кеңейтілген репортаж
11.00 «Аймақ ақпарат»
11.40 «Экспертное мнение»
11.45 «Кендерек». Кеңейтілген репортаж
11.55 «Ақмола КЗ». Передача
12.05 «Телемаркет»
12.10 «Әзекті әңгіме». Хабар
12.40 «Ел межесі-2050». Тележурнал
12.45 «Кендерек». Кеңейтілген репортаж
12.55 «Ақмола КЗ». Передача
13.05 «Телемаркет»
13.10 «Экспертное мнение»

13.15 «Ел межесі-2050». Тележурнал
13.20 «Кендерек». Кеңейтілген репортаж
13.30 «Аймақ ақпарат»
14.00-17.50 техникалық үзіліс
17.50 «Пәрменді пікір»
17.55 «Ел межесі». Хабар
18.00 «Аймақ ақпарат»
18.30 «Телемаркет»
18.35 «Актуальная тема». Прямой эфир
19.05 «Телемаркет»
19.10 «Кендерек». Кеңейтілген репортаж
19.20 «Елі бірдің – тілі бір». Хабар
19.30 «Актуальная тема». Передача
20.00 «Аймақ ақпарат»
20.30 «Телемаркет»
20.35 «Кендерек». Кеңейтілген репортаж
20.45 «Елі бірдің – тілі бір». Хабар
20.55 «Ел межесі». Хабар
21.00 «Аймақ ақпарат»
21.40 «Телемаркет»
21.45 «Актуальная передача». Передача
22.15 «Телемаркет»
22.20 Т/с «Болашақ». 24 серия
23.05 «Ел межесі». Хабар
23.10 «Телемаркет»
23.15 Д/ф «Магия природы» 8 серия
23.45 «Телемаркет»
23.50 «Сіз қайда жүрсіз?». Хабар
00.00 «Аймақ ақпарат»
00.40 «Телемаркет»
00.45 Т/с «Титаник: Кровь и сталь». 5 серия

30 мамыр, Сенбі
09.00 Қазақстан Республикасының Мемлекеттік Әнұраны
9.05 «Аймақ ақпарат»
9.45 «Спорт лайф». Хабар
9.55 «Салауат». Передача
10.05 «Телемаркет»
10.10 «Танымал». Передача
10.30 «Пәрменді пікір»
10.35 «Телемаркет»
10.40 «Спорт лайф». Хабар
10.50 «Салауат». Передача
11.00 «Аймақ ақпарат»
11.40 «Экспертное мнение»
11.45 «Ұлы Жеңіске 70 жыл!». Передача
11.55 «Телемаркет»
12.00 «Танымал». Передача
12.20 «Спорт лайф». Хабар
12.30 «Салауат». Передача
12.40 «Ұлы Жеңіске 70 жыл!». Передача
12.50 «Телемаркет»
12.55 «Пәрменді пікір»
13.00 «Аймақ ақпарат»
13.40 «Спорт лайф». Хабар
13.50 «Салауат». Передача
14.00-17.00 техникалық үзіліс
17.00 «Экспертное мнение»
17.05 «Телемаркет»
17.10 «Танымал». Передача
17.30 «Ұлы Жеңіске 70 жыл!». Передача
17.40 «Сөзге шешен». Хабар
18.00 «Телемаркет»
18.05 «Спорт лайф». Хабар
18.15 «Қызмет жолында». Хабар
18.25 «Танымал». Передача
18.45 «Телемаркет»
18.50 «Ұлы Жеңіске 70 жыл!». Передача
19.00 «Сөзге шешен». Хабар
19.20 «Qalamto». Хабар
19.30 «Спорт лайф». Хабар
19.40 «Танымал». Передача
20.00 «Өңір өрнегі» - «Картина недели»
21.00 «Телемаркет»
21.05 «Қызмет жолында». Хабар
21.15 «Qalamto». Хабар
21.25 «Сөзге шешен». Хабар
21.45 «Телемаркет»
21.50 «Танымал». Передача
22.10 «Телемаркет»
22.15 X/ф «Господин-420»

31 мамыр, Жексенбі
09.00 Қазақстан Республикасының Мемлекеттік Әнұраны
9.05 «Өңір өрнегі» - «Картина недели»
10.05 «Телемаркет»
10.10 «Сөзге шешен». Хабар
10.30 «Пәрменді пікір»
10.35 «Телемаркет»
10.40 «Ұлы Жеңіске 70 жыл!». Передача
10.50 «Qalamto». Хабар
11.00 «Қызмет жолында». Хабар
11.10 «Ақмола КЗ». Передача
11.20 «Ақ дастархан». Передача
11.45 «Qalamto». Хабар
11.55 «Телемаркет»
12.00 «Сөзге шешен». Хабар
12.20 «Қызмет жолында». Хабар
12.30 «Ақмола КЗ». Передача
12.40 «Qalamto». Хабар
12.50 «Телемаркет»
12.55 «Пәрменді пікір»
13.00 «Өңір өрнегі» - «Картина недели»
14.00-17.00 техникалық үзіліс
17.00 «Экспертное мнение»
17.05 «Өңір өрнегі» - «Картина недели»
18.05 «Телемаркет»
18.10 «Ақ дастархан». Передача
18.35 «Телемаркет»
18.40 «Қызмет жолында». Хабар
18.50 «Телемаркет»
18.55 «Ақмола КЗ». Передача
19.05 «Елі бірдің-тілі бір». Хабар
19.15 «Ақ дастархан». Передача
19.40 «Сөзге шешен». Хабар
20.00 «Өңір өрнегі» - «Картина недели»
21.00 «Телемаркет»
21.05 «Елі бірдің-тілі бір». Хабар
21.15 «Ақмола КЗ». Передача
21.25 «Ақ дастархан». Передача
21.45 «Телемаркет»
21.50 «Елі бірдің-тілі бір». Хабар
22.00 «Телемаркет»
22.05 «Сіз қайда жүрсіз?». Хабар
22.20 «Алаш алыттары». Хабар
22.50 X/ф «Сокровища древнего мира»

Денсаулық

Тазалық – денсаулық кепілі

«Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігі Тұтынушылардың құқықтарын қорғау комитеті Ақмола облысы тұтынушылардың құқықтарын қорғау департаментінің Аршалы аудандық тұтынушылардың құқықтарын қорғау басқармасы» РМК

ауданның барлық тұрғындарын елді мекендер аумағының санитарлық жағдайын одан әрі жақсарту, көгалдандыру және абаттандыру бойынша жұмыстарға белсене ат салысуға шақырады.

Көптеген қашалар мен қоршаулар, сондай-ақ тұрғын және қоғамдық ғимараттардың алдыңғы беті сұрықсыз. Олар жөнделмеген әрі боялмаған, тиісті аумақ қоқыстан тазартылмайды. Құрылыс және басқа да материалдар жолдың жүріс бөлігіне шығатын аумаққа жиналады.

Абай болыңыздар! Пестицидтер

Заманауи ауыл шарушалығы пестицидтерсіз, яғни зиянкестермен күресу үшін қолданылатын заттарсыз жұмыс істей алмайды.

Пестицидтер – бұл өсімдіктерді зиянкестерден, түрлі аурулар мен ластаушылардан қорғау үшін егістерге себілетін өте улы заттар. Олар инсектицидтер, гербицидтер, родентицидтер, фунгицидтер болып бөлінеді. Пестицидтердің организмге түсу жолдары – улы пестицидтер организмге келесі жолдармен түсе алады:

Бірінші кезекте олар жуылмаған жеміс-жидектер мен көкөністер арқылы, яғни тікелей түсе алады.

Дәнді дақылдардың өсуі кезінде пестицидтерді шамадан тыс қолданғанда: удың бір бөлігі дәнеке еніп, оның бөлігіне айналады, осындай егістерден алынған азық-түліктерді тұтынғанда тұрақты түрде улану болады, организмнің табиғи қорғанысы бұзылады, мутациялар(обырлы ісктер) пайда болады.

Сондай-ақ пестицидтерді өсімдіктердің жапырағы мен сағаттарынан шайған кезде олар топыраққа түседі, онда жердегі өсімдіктерге сінеді. Дәнекте улану үшін удың жетерліктей көп мөлшері жиналады, соның салдарынан халық азап шегеді(сондықтан пестицидтерді жаңбыр маусымында сеппеген жөн).

Өзендер мен көлдер манайында қолданылған кейбір пестицидтер суды ластайды, соның салдарынан балық пен грунтты сулар зақымданады. Ал оларды асқа қабылдағаннан халық уланады, улы заттар организмде жиналып, денсаулықты құртады.

Дәнектерді улау жұмыстары жүргізілетін егіс науқаны жақындап келеді. Міне осы кезде улы химикаттармен(пестицидтермен) жұмыс жасағанда сақтық шараларын сақтаған жөн.

Арнайы киім мен жеке қорғаныс

Көрсетілген кемшіліктер отанымыздың ең көркем деген жерлерінің бірінде орналасқан біздің ауданның абыройында көрініс табады.

Өйткені, әр азамат туған жерінің патриоты болуға, «Елді мекендердің жоғары санитарлық мәдениеті үшін» күресуде он нәтижелерге қол жеткізуі тиіс әрі аумақты санитарлық тұрғыдан тиісті жағдайда ұстауға міндетті. Өскелең ұрпақтың игілігі үшін қоршаған табиғатымызды аялауға белсене үлес қосайық. Орманды-саябақты аймаққа барғанда аумақты лас нәрселермен ластамаңыздар!

Мынаны әрдайым есте сақтаңыздар: «Тазалық – денсаулық кепілі!».

Ж. МАХАНОВ,
Аршалы аудандық тұтынушылардың құқықтарын қорғау басқармасы басшысының м.а.

заттарын дұрыс пайдалану, жеке-бас гигиенасы ережелерін сақтау организмге зиянды химиялық заттардың түсуінің алдын алады, сәйкесінше, улау жұмыстарын жүргізу кезеңінде улы химикаттармен жұмыс жасаушылардың еңбегінің қорғалуына және қауіпсіздігіне сенімді түрде кепілдік береді. Дәнектерді пестицидтермен улау кезінде жұмысшылар арнайы киіммен, аяккиіммен, қолғаптармен, респираторлармен, қорғаныс көзілдіріктерімен, арнайы тамақпен(тәулігіне 0,5 литр сүтпен) қамтамасыз етілуі тиіс. Жұмыс барысында киім шешуге, темекі шегуге, алкоголь ішуге, ас қабылдауға тыйым салынады. Арнайы киімді сақтау үшін тұрмыстық бөлмені жабдықтау керек, жекебас гигиенасын сақтау үшін жағдай жасау, яғни бетіқолжуғыш орнату керек.

Жұмыс күні аяқталған соң шешінбестен, респираторды шешпестен жұмсақ сыпырғышпен немесе қылсаппен қорғаныс киіміне жабысқан улы химикаттарды бар шанды мұқият қағып кетіру, көзілдірік пен респираторды сыртынан сүрткішпен сүрту керек. Қолғапты шешпей, қолды жуып алған жөн. Кейін арнайы киімді абайлап шешіп, тұрмыстық бөлмеде іліп қою қажет. Қолғапты шешіп, қолды сабындап жуып, киім ауыстыру керек.

Жұмысқа созылмалы ауруы бар адамдар, сондай-ақ 18 жасқа дейінгі жеткіншектер, жүкті, бала емізетін әйелдер, 50 жастан жоғары әйелдер, 55 жастан жоғары еркектер жіберілмейді.

Алдын алу шараларының бәрін орындау арқылы Сіз өзінізді уланудан аман алып қаласыз.

А.ШАРИПОВА
Аршалы аудандық тұтынушылардың құқықтарын қорғау басқармасының жетекші маманы.

Абай бол, ескертеміз!

АУЫРҒАННАН АУЫРМАУ ЖОЛЫН ҰСТАН

Жаз шығып, көкөністердің неше түрлісінің пайда болуының арқасында адам ағзасының ішек ауруына ұрынатын кездері жиі кездеседі. Ішек ауруы тазалық жоқ жерде көп орын алады. Ең бастысы қолды сабындап жуу, көкөністерді тазалап жуу, жеке гигиеналық тазалықты ұстану қажет. Іш ауруының белгілері адамның мазасы кетуі, жиі дәретханаға баруы, ыстығының көтерілуі, әлсіздік. Бұл жағдайдың көбіне адамдар өздеріне өздері ем жасаумен айналысады. Бұл үлкен қателік. Ең бастысы белгілері біліне сала дәрігерге

көрінгенін дұрыс. Бастапқы уақытта дұрыс ем қолданғанда ғана асқынұ қаупінің алдын алуға болады. Жаз айындағы табиғат аясында дем алу барысында тамақтануға ерекше көңіл бөлу керек. Сонымен қатар тамақтардың тоназытқышта сақталуына үлкен мән берген жөн. Ауырғанша аурудың алдын алу керек. Ол әрбір азаматтың өз қолында.

О.КӘКІМБЕКОВ,
Аршалы филиалының санитарлық-эпидемиологиялық сараптама орталығының бактериолог дәрігері.

САЛЫҚ ТӨЛЕУШІЛЕР НАЗАРЫНА!

Аршалы ауданы бойынша Салық басқармасында қызмет этикасын сақтау және жемқорлықпен күрес сұрағы бойынша комиссия жұмыс істейді. Салық органының мемлекеттік қызметшілері қызмет этикасын және /не-месе/ заңнаманы бұзушылық деректерін хабарлау үшін, Сіз осы «**сенім телефонына**» хабарласа аласыз: **8(71644)2-20-32, 8(71644)2-12-87.**

«НЕЛЕГАЛ – 2015» ЖЕДЕЛ ІС-ШАРАСЫ

«Нелегал-2015» жедел іс-шарасы ағымдағы жылдың 18-22 мамыр аралығын қамтуда. Осындай шаралардың жүргізілу мақсаты ауданымызда, еліміздің аумағында адамның құқығының бұзылуына әкеліп соғатын жайттардың алдын

алу. Мысалы: заңсыз еңбекке салу; бостандығынан айырып өзге жерге апарып жұмыс жасату; адамды сату істерінің орын алуы; көмелетке толмағандарды жезөкшелікпен айналысуына ықпал ету; басқа да қоғамға жат, заңнамаларға қайшы істермен

айналысудағы теріс істер жайында біліп қалсаңыз, куәгер болсаңыз Аршалы ауданының ішкі істер бөліміне хабарласыңыз. Сіз қоғамдағы орын алатын теріс әрекеттерге тыйым салуға үлес қосасыз.

Аудандық ішкі істер бөлімі.

Меншік иесі: «Аршалы – инфо» ЖШС Газет аудан әкімінің қолдауымен шығады	РЕДАКТОР М.А. АЖЫҚАНОВА.	Біздің мекенжайымыз және телефонымыз: 020200, Аршалы кенті, аудандық әкімдік, 1 қабат. Байланыс телефоны: жарнама бөлімі – 2-13-87. Хабарландыру және жарнама мазмұнына жарнамашы жауап береді. Жарияланған мақалалардағы автор көзқарасы редакцияның ой-ұстанымын, пікірін білдірмейді.	Апталық таралымы 271 дана. Көлемі 2 баспа табак. Тапсырыс № 1 Индексі: 65815. Газет теріліп Астана қаласы, Брусиловский көшесі, 87, «Астана Полиграфия» АҚ басылады.
--	-----------------------------	--	---

Газетті есепке қою туралы мемлекеттік №7841-Г куәлікті 2006 жылы 16 қарашада Қазақстан Республикасының Мәдениет және ақпарат Министрлігі берген.